

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕКТЕПКЕ ДЕЙИНГИ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУ
МИНИСТРЛІГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ
МЕКЕМЕЛЕРІ АГЕНТТІГІ ҚҰЗЫРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ШЕБЕРЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒАЛАУ ҒЫЛЫМИ-
ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІНЕН КӘСІПТІК
СЕРТИФИКАТТАУ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ
СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІНЕН КӘСІПТІК СЕРТИФИКАТТАУ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Бұл спецификация Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің мемлекеттік мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының педагог кадрларын кәсіптік аттестациялау бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетудің әкімшілік регламентіне сәйкес әзірленді. Құжатта Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдерінің кәсіптік білімін, дағдысы мен компетенцияларын бағалау үшін қолданылатын тест тапсырмаларының мазмұны, құрылымы және бағалау өлшемдерін белгілейді.

Спецификация тест тапсырмаларының мазмұны, құрылымы, бағалау өлшемдері, тест тапсырмаларының түрі, когнитивтік дәрежелері және бағалау үдерісін ұйымдастыру тәртібін белгілеп береді.

Бұл құжат тест тапсырмаларын әзірлеудің әдістемелік негізі болып табылады және бағалау үдерісінің ашықтығын, әділдігін және ғылыми негізділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

I. Жалпылама қағидаттар

Бағалаудың негізгі мақсаты – Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдерінің пән бойынша теориялық білімдерін, практикалық дағдыларын, оқу үдерісін ұйымдастырудағы компетенцияларын, Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі бойынша білімдерін, педагогикалық шеберлік пен кәсіби компетенцияларын кешенді бағалау. Бағалау нәтижелері педагог кадрларды кәсіптік аттестациялау үдерісінде шешім қабылдау үшін негіз болады.

II. Нормативтік негіздер

1. Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2024 жылғы 12 февральдағы “Мемлекеттік мектепке дейінгі және жалпы орта білім беретін ұйымдардың педагог кадрларын кәсіптік сертификаттау бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетудің әкімшілік регламенттерін бекіту туралы” 87-санды қаулысы.

1. 2. Өзбекстан Республикасы Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрлігінің 2026 жылғы 3 июльдегі "Мемлекеттік мектепте дейінгі және жалпы орта білім беретін ұйымдардың педагог кадрларын кәсіптік сертификаттау бойынша бақылау тестін ұйымдастыру және оны өткізу туралы" 233-санды бұйрығы.

III. Бағалу ауқымы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдеріне мамандық пәні бойынша 40, педагогикалық шеберлік бойынша 10, жалпы 50 тест тапсырмасы беріледі және жалпы тест тапсырмасын орындауға бөлінген уақыт 120 минут болып белгіленді. Жабық тест тапсырмалары (бір дұрыс жауапты талап ететін тест тапсырмалары (Y1), сәйкестендіруді қажет ететін тест тапсырмалары (Y2) және реттілікті талап ететін тест тапсырмалары (Y3) қолданылады. Мамандық пәндерінен құрастырылатын тест тапсырмаларының мазмұндық аймағы және бағаланатын білім мен дағды бойынша бөлінуі төмендегі кестеде көрсетілген.

IV. Тест құрылымы

Тест сынағы Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің негізгі мазмұндық бағыттарын қамтиды. Атап айтқанда, тест тапсырмалары Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері, сондай-ақ оны оқыту әдістемесі және педагогикалық шеберлік бойынша білім мен дағдыны бағалауға бағытталған. Тест тапсырмаларының мазмұны жалпы орта білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттары, қолданыстағы оқу жоспарлары мен пән бойынша қойылатын әдістемелік талаптар негізінде қалыптастырылады.

Мамандық пәндерінен құрастырылатын тест тапсырмаларының салалық мазмұны мен бағаланатын білім және дағдылары бойынша бөлінуі

1-кесте

Тиісті сала	Білім мен дағдылар	Тест саны
1.ҚАЗАҚ ТІЛІ		
1.1. Тілден іс жүзінде пайдалану		
Дыбыстау және емле	- әріптер, негіз және қосымшалардың айтылуы мен емлесін білу және пайдалана алу; - қосып, ажыратып, сызықшамен жазу ережелерін білу және пайдалана алу; - бас әріптер емлесі мен жазу ережелерін білу және пайдалана алу; - фонетикалық өзгерістер (дыбыстың көтерілуі, алмасуы және түсуін) ажырата алу;	6
Пунктуация	Жазбаша сөйлеуде тыныс белгілерін (сұрақ, леп белгісі, көп нүкте; үтір, тире, екі нүкте; нүктелі үтір, жақша, қос тырнақ) дұрыс қолдана білу;	4
Стилистика	- қосымшалардың контекстегі мағынасы және қызметін түсіну, ажырата алу және дұрыс қолдану; - сөздердің контекстегі мағынасы мен қызметін түсіну, ажырата алу және дұрыс қолдану; - сөз тіркестерінің контекстегі мағынасы мен қызметін түсіну, ажырата алу және дұрыс қолдану; - берілген жағдайға сай сөйлеу үлгілерін таңдау.	4
1.2. Тіл теориясы және лингвистикалық талдау		

Лингвистикалық талдау	- мәтінді қазақ әдеби тілі фонетикалық өлшемдері негізінде талдау; - мәтінді қазақ әдеби тілі лексикалық өлшемдері негізінде талдау; - мәтінді қазақ әдеби тілі морфемикалық өлшемдері негізінде талдау; - мәтінді қазақ әдеби тілі морфологиялық өлшемдері негізінде талдау; - мәтінді қазақ әдеби тілі синтаксистік өлшемдері негізінде талдау.	10
2.ӘДЕБИЕТ		
2.1. Әдебиет тарихы		
Ұлттық әдебиет	- жалпы орта білім беру бағдарламасына енгізілген қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін түсіну, талдау және бағалау - жалпы орта білім беру бағдарламасына енгізілген проза үлгілерін түсіну, талдау және бағалау - жалпы орта білім беру бағдарламасына енгізілген драмалық үлгілерді түсіну, талдау және бағалау	8
Әлем әдебиеті	- жалпы орта білім беру бағдарламасына енгізілген әлем әдебиеті тарихында маңызды орын алатын эпикалық және драмалық шығармаларды түсіну, талдау және бағалау - әлем әдебиеті тарихында маңызды орын алатын лирикалық шығармаларды түсіну, талдау және бағалау	4
2.2. Әдебиет теориясы және көркемдік талдау		
Классикалық лирикалық талдау	-шығарманың жанрын, өлшемін және ұйқасын анықтау; - өлеңдегі бейнелер мен белгілерді түсіну; - көркем шығармаларды талдау.	4
	Жалпы	40

**Педагогикалық шеберлікке арналған тест тапсырмаларының
мазмұндық саласы және бағаланатын білім мен дағдылары бойынша
бөлінуі**

2-кесте

1. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК		10
1. Жалпы педагогика	– педагогиканың, дидактиканың, тәрбие және жастар психологиясының негізгі түсініктері мен категорияларын, педагогикалық тәсілдер мен білім беру парадигмаларын (дәстүрлі -консервативті, рационалистік (бихевиористік), феноменологиялық (гуманистік), технократиялық және эзотерикалық) білу және берілген жағдайға ең қолайлысын таңдай алу; – педагогиканың қағидаларын (саналылық пен белсенділік, көрнекілік, жүйелілік пен заңдылық, ғылымилық, теория мен практиканың бірлігі, т.б.) білу және берілген жағдайға ең қолайлысын таңдай алу; – тәрбие түрлерін және олардың айырмашылығын білу және берілген жағдайға сәйкес келетінін таңдай алу; – сабақ және оның түрлері (жаңа білім беру сабағы, бекіту сабағы, қайталау және жинақтау сабағы, бақылау (тексеру) сабағы, аралас сабақ; лекция сабағы, сұхбат сабағы, практикалық сабақ, лабораториялық сабақ, өзіндік жұмыс сабағы; дәстүрлі сабақ, дәстүрлі емес сабақ және т.б.) туралы білім, сабақты жоспарлау, ұйымдастыру және сыныпты басқару тәсілдерін нақты жағдайда	10

	қолдана білу, білім беру үдерісін жобалау мен басқару, проблемалық жағдайда дұрыс шешім қабылдау қызметін мониторингілеу; – сынып жетекшісінің құқықтары мен міндеттерін білу, сынып құжаттарымен жұмыс істей білу, оларды жүргізуде дұрыс дәйектілікті сақтау, сынып ұжымын дұрыс қалыптастыру, қарым-қатынаста педагогикалық әдеп ережелерін сақтау, ата-аналармен ынтымақтастықтың тиімді нысандарын таңдау, проблемалық жағдайда ең дұрыс стратегиялық тәсілді қолдану; – педагогикалық этика негіздерін білу, сөйлеу, әдістеме, шығармашылық, педагогикалық әдептілік, білім/компетенттік, қарым-қатынас мәдениеті, әдептілік/сыпайылық, креативтік, рефлексия, сондай-ақ кәсіби өсу негіздерін білуі және берілген жағдайға ең қолайлысын таңдай алу; – педагогикалық қабілеттер мен олардың түрлерін (дидактикалық қабілеттер, академиялық қабілеттері, байқағыштық-педагогикалық қабілеттер, сөйлеу мәдениеті, ұйымдастырушылық қабілеттер, коммуникативті қабілеттер, авторитарлық қабілеттер және т.б.) білу және оларды нақты жағдайларда қолдана алу; – білім беру технологияларын (жобаға негізделген оқыту, проблемалық оқыту, ынтымақтастықтағы оқыту, эвристикалық оқыту, тұлғаға бағытталған оқыту, интерактивті оқыту, саралап оқыту, кіріктірілген оқыту, ойын негізінде оқыту, инклюзивті оқыту және т.б.) білу және жағдайларға ең қолайлысын таңдай алу; – пән саласы бойынша оқытудың тәсілдерін, әдістемелерін және технологияларын білу; – пән саласы бойынша оқыту әдістері мен тәсілдерін ажыратып, берілген жағдайға сәйкес келетінін таңдау; – пән саласын оқыту бойынша берілген білім беру жағдайына қатысты қабылданған шешімдерді бағалау.	
--	---	--

Когнитивті дағдыларды бөлу

3-кесте

Р/с	Когнитивті деңгей	Түсіндіру	Тест саны
1	Білу	Пәнге қатысты негізгі дәлелдерді, заңдылықтарды, анықтамаларды, формулаларды, құбылыстарды есте сақтау, тану және еске түсіру.	22
2	Қолдану	Дәлелдемелер мен заңдарды таныс жағдайларда қолдану, есептеулерді орындау және графиктерді/диаграммаларды талдау.	23
3	Пайымдау	Бейтаныс жағдайда қолдану, талдау-синтез, себеп-салдар байланысы, түсіндіру, бағалау.	5

V. Бағалау өлшемі

Тест тапсыратындардың жалпы нәтижесі әрбір тест тапсырмасына берілген балдың жиынтығы негізінде анықталады. Әрбір дұрыс жауапқа **2 балл**, дұрыс емес жауапқа **0 балл** беріледі. Тест сынағының ең жоғары нәтижесі **100 балды** құрайды.

VI. Емтихан тәртібі

Тыйым салынған құралдар: емтихан кезінде ұялы телефондар, ақылды сағаттар, планшет немесе электрондық жазбалардан пайдалануға тыйым салынады.

Тәртіп-ереже: нұсқа көшіру, көмек сұрау немесе көмектесу, емтихан барысында сөйлесу, рұқсатсыз шығу сынды жағдайларға тыйым салынады.

Бақылаушы ереже бұзғандарды анықтаған кезде оны ресімдейді, үміткерді тестілеуден шеттетеді және нәтиже жойылады.

VII. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен ұсынылатын негізгі әдебиеттер

Қазақ тілі

1. Қазақ тілі, 5-сынып. А.Үмбетова, Г.Исаева, Ы.Құттымұратова. Ташкент. «Novda Edutainment», 2024.
2. Қазақ тілі, 6-сынып. У.А.Байкабылов, Д.Дүйсебаева, А.Ж.Үмбетова, Г.А.Нишанов. Ташкент – 2022.
3. Қазақ тілі, 7-сынып. Д.Айтбаев, Г.Айтбаева, Б.Темірбаев. Ташкент – 2022.
4. Қазақ тілі, 8-сынып. Д.Айтбаев, Б.Сайфуллаев, Г.Исаева. Ташкент. «Ғ.Ғұлам», 2025.
5. Қазақ тілі, 9-сынып. Д.Дүйсебаева. Ташкент. «Ғ.Ғұлам», 2025.
6. Қазақ тілі, 10-сынып. Д.Айтбаев, Г.Айтбаева, Ж.Әбдураймова. Ташкент– 2022.
7. Қазақ тілі, 11-сынып. Д.Айтбаев, Г.Айтбаева, Р.Мырзахмедова, Б.Уразов. Ташкент– 2018.

Әдебиет

1. Әдебиет, 5-сынып, С.Досымбетова, А.Тәжібаева, А.Үмбетова. Ташкент. «Өзбекстан», 2024.
2. Әдебиет, 6-сынып. Е.Абдувалитов, Д.Дүйсебаева, С.Досымбетова, А.Бектаев. «Өзбекстан», 2022.
3. Әдебиет, 7-сынып. Қ.Сейданов, Қ.Башаров, Б.Сайфуллаев, Б.Юсупов. Ташкент – 2022.
4. Әдебиет, 8-сынып Н.Абдувалитов, Б.Юсупов. Ташкент — 2025.
5. Әдебиет, 9-сынып. Б.Оразов, С.Досымбетова, Ғ.Рахымбаев. Ташкент 2025.
6. Әдебиет, 10-сынып. Қ.Сейданов, А.Бектаев, Т.Ахметов. Ташкент, «Өзбекстан», 2022.
7. Әдебиет, 11-сынып. Қ.Сейданов, Ө.Байқабылов, Г.Айтбаева. Ташкент – 2018.

Педагогикалық шеберлік бойынша

1. Mavlonova R.A., Umumiy pedagogika. Darslik. – Toshkent: Fan va texnologiyalar, 2018. – 528 b.
2. Xoliqov A. Pedagogik mahorat. Darslik, – Toshkent: “Bayoz” nashriyoti, 2025. – 504 b.
3. Tolipov O‘., Ro‘ziyeva D. Pedagogik texnologiyalar va pedagogik mahorat. O‘quv qo‘llanma. – Toshkent: “Innovatsiya-ziyo” nashriyoti, 2019. – 276 b.
4. Sh. Abdiraimov v.b. Ta’limda baholash va monitoring asoslari. O‘quv-uslubiy qo‘llanma. – Toshkent, TDYU nashriyoti, 2026. – 208 bet.

Ескерту: тест тапсырмаларының мазмұны ұсынылған әдебиеттерде көрсетілген мазмұнға, принциптерге және тәсілдерге сәйкес жасалған, бірақ тест тапсырмалары тікелей дереккөздерден алынбайды. Біліктілік тестіне

*дайындалу барысында ұсынылатын әдебиеттер есте сақтау көзі ретінде
қызмет етуден гөрі жалпы кәсіби дайындықты күшейтуге бағытталған.*